Қазіргі тіл ғылымында адам дүниетанымының кілті, ғалам жайындағы адам санасындағы ақпараттарды түзетін, шындықты игеруші мен шындық арасындағы дәнекер болатын, сана қызметінің нәтижесі деп санайтын когнитивтік көзқарас белең алды. Бұл арқылы адамның тілінде этнос жайлы, оның тарихы, дүниетанымы, әлемді қабылдауы жатқанын аңғарамыз. Когнитивтік көзқарастардың негізінде таным теориясы жатыр.





Таным териясы мен танымның байланысы негізінде антропологиялық көзқарас қалыптасып, әлемдегі ең басты тұлға деп, негіз деп адамды тану саналады. Бұл өз кезегінде интеграциялық үрдісте тіл мен танымды, тіл мен мәдениетті, тіл мен халықты зерттеуді негіз еткен болатын.

Тіл мен танымды бірге зерттеу негізінде қазақ халқының танымы жаңа көзқарастармен сараланып, ондағы ақпараттар талданған. Қазақ тіл білімінде «Қазақ әйелі», «байлық - кедейлік», «көз» концептілері зерттеліп, қазақ тіл біліміндегі когнитивтік лингвистиканың дамуына әсер етті. Қазақ тіл білімінде концепт жайлы көзқарастар мен пікірлер бар. Мәселен, А.Ислам концептіні *тілде көрініс тапқан күрделі бірлік ретінде ұлттық дүниетанымның ықшамды, терең мағыналы құндылықтары* [1, 15] деп анықтайды.

Когнитивтік лингвистиканың негізгі тұжырымдары мына ғалымдар зерттеулерінде орнықты: В.Гумбольд, Дж.Лакофф, Л.Вайсебергер, Л.Витгенштейн, Э.Сепир, Э.Кассирер, Е.Кубрякова, Ю.Арпесян, Ю.Караулов, М.Минский, Д.Лихачев, қазақ тіл білімінде бұл бағытта еңбек жазған ғалымдар: А.Ислам, Э.Оразалиева, Ж.Манкеева, Б.Қасым, Ж.Исаева, С.Исакова, С.Кенжеғалиев, Ә.Шадыкенов және концептіні ұлттық константалар деп зерттеушілер М.Күштаева, Б.Ақбердиева. Қазіргі күні тіл білімі саласында үлкен жаңалықтар тілді антропологиялық негізде зерттеу екенін анық аңғарамыз. Тіл білімінің бұлайша жаңа арнада қарастырылуы адамның өмірдегі маңыздылығын айқындаса керек. Исламдағы жер бетіндегі барлық игіліктер адам үшін деген ұстанымды негізге алып қарасақ та, осы антропологиялық бағыттың маңыздылығын көреміз.

Сондай-ақ, бұған дейін зерттеліп келген тіл білімі құбылыстары жаңа бағытта қарастырылып, мәні, мағынасы, санада қалай көрініс табатыны талданып, қарастырылып жатыр.

Тілдің адам өмірінде коммуникативті қызметі ғана емес, одан да жоғары мағынаға ие екеніне көз жеткіземіз. Когнитологтардың айтуынша, концептіні анықтаудың мынадай реті барын айтады, яки концептілер бақыланған, қиялдан туған бейнелерді ұқсастырып, ұқсас дүниелердің ортақ белгілерін бір ортаға жинақтайтынын айтады, осы негізден когнитивтік моделі анықталатынын көреміз [2, 22].

Халық танымның көрінісі мен дүниетанымы «мектеп» концептісі арқылы анықталатынын да байқауға болады.

В.Гумбольд , халық тілі оның рухында әрі халықтың рухы оның тілі екенін, тіл халықтың басынан кешкен оқиғаларынан тұратынын айтады. Бұған дейінгі уақытта, халқымыз мектеп деп медресені таниды. Оқу халқымыз үшін үлкен маңызға ие болғанын «мектеп» концептісінен аңғаруымызға болады.

Зерттеуші Б.Қалиев таным теориясымен сөз мағынасының тікелей байланысты екенін, зат пен құбылысты анық біліп, танығанда сөздердің мағыналары айқын білінетінін, таным негізінен сөз мағынасымен байланысты екенін жеткізеді [3, 133].

Зерттеуші Ж.Манкеева болса, тілдің танымдық қырын зерделей келе, тілдің кумулятивті, мұрагерлік қызметі тілдің ішкі мазмұны мен формасын, халқымызға тән рухани қазынаны бойына сіңіріп, сақтағанынан деп таниды [4, 12].

Ислам дінінің енуімен оқу, мектеп, медресе ұғымдары тарады. Мектеп сөзінің өзі де араб-парсы тілінен енген. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігінде «мектеп» – оқушылар білім алатын орын деп анықталады [5].

Ислам сөздерінің сөздігінде мектеп – «мақтаб» екенін, араб елдеріндегі «құттаб» өзінің баламасы ретінде, құрандық мектеп мағынасын беретінін көреміз. Сонда мақтаб деп жазу жазатын жерді, бастауыш мектепті, кабинет, кеңсе деп анықталатынын байқаймыз [6].





Қазақ тіліндегі араб-парсы тілдерінің түсіндірмелі сөздігінде «мектеп» – «мәктаб» деп аталып, оқушылардың білім алатын оқу орны деп анықталатынын көреміз. Мынадай мысал келтіріледі: «Барлық руханиларға уәзипа берілуге, неке, талақ, мирас, мектеп, медресе, ғұшыр, зекет, фидия, туған балаларды жазу, өлген адамдарды жазу рухани басқармасына берілуге сөз берікті» [7, 98] деген сияқты мысалды көреміз.

Ы.Алтынсариннің «Сәтемір хан» әңгімесінде: «...талап іздемей, жұмыссыз ойнап жүргенім ақылсыздық екен деп ойынын тастап, қалаға барды. Қалада бір зор білімді, оқымысты молда бар екен, соған үй сыпыруға жалданып, ақысына оқу оқыпты-мыс. Ақырында сол Сәтемір асқан данышпан, айдай әлемге патша болған» [9, 68] деген үзіндіден оқу деп мектепте оқу екенін, оқу арқылы өз өмірін өзгерткенін көрсетеді. «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде: «Солай да болса, әлемге ақылы жеткен патша баланың талапты, зерек екенін аңғарып, оқуға бергізіп, ақырында сол бала бүкіл орыс жұртына даңқы шыққан Матвеев деген суретші болған» [10, 69], – деп оқуға бергізіп деп, мектепте оқыған соң, талабының жоғары болуынан дегеніне жеткенін көрсетеді. «Оқудағы балалардың үйіне жазған хаттарын» қарайтын болсақ, мынадай жолдарды кезіктіреміз. «балам, алаң болмай ұстаздарыңның айтқанын орнына келтіріп, берген сабақтарын толық үйреніп, білуге тырыс».

А.Вежбицкая концептті адамның дүние жайындағы мәдени түсініктері деп танитын болса, В.Телия біздің сол нысан жайында білетіндеріміздің барлық жиынтығы деп анықтайды.

Концептіні анықтаудың үш түрлі негізі бар. Сөздің кез келген мағынасында концепттің өмір сүреді деп анықтайтын лингвистикалық бағыт. Зерттелетін тілде сөйлейтін халық санасында концепттің тілдік бейнесін талдау арқылы анықталатын когнитивтік бағыт. Мәдениеттің ұйытқысы болып табылатын лингвомәдени бағыт деп анықталатынын көреміз [10].

Осы орайда, халық танымында «мектеп» концептісінің ақпараттық-ассоциативті өрісі былайша көрінеді:

- «Мектеп - оқу»
- «Мектеп - білім»
- «Мектеп - кітап»
- «Мектеп - тәрбие»
- «Мектеп – мұғалім»

Бірінші кезекте, оқу болатыны Абай лексиконында былайша кездеседі:

Баламды медресеге біл деп бердім,

Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім [11, 14], – деген жолдардан «медресе» «мектеп» ұғымында келгенін көреміз. Әрі «мектеп-оқу» ассоциативті өрісте анықталатынын көреміз.

Интернатта оқып жүр,

Талай қазақ баласы –

Ойында жоқ бірінің

Салтыков пен Толстой,

тілмаш, адвокат

Болсам деген бәрінде ой [11. 16], – деп интернаттың «мектеп» екенін, ал мектепке оқу үшін бару керектігін аңғарамыз.

Оқытарсың молдаға оны,

Үйретерсің әрнені [11, 23], – деген жолдардан молдаға оқытуды, баланы оқуға бергенде ел танысын деп беретінін жеткізеді. Солай, «мектеп» концептісі тарихи кезеңдерде түрліше қалыптасып келіп, XIX ғасырдың аяғынан бастап қалыптасқанымен, оған дейін түрліше танылғанын көреміз.





Жазу жаздық,  
Хат таныдық,  
Болдық азат молдадан.

Шала оқудан,  
Не жарыдық,

Қалғаннан соң құр надан? [11, 25], деген жолдардан қазақ арасында «молдадан оқу» шала оқу болғанын, тек Абайдың емес көптеген ақындардың зерттеуінен байқауға болады. «Өзің диуанасың, кімге пір боласың?» деген қазақ мақалының жөні осыған келеді. Бұрынғы заманда мектеп болмағанда, молдалар келіп күз бен қыста араб әріптерін танытып, құранға түсіретін. Нағыз өз ісінің шебері де бар, арасында дүмше молдалар да кезігіп отырады.

Кітапты молда теріс оқыр,

Дағарадай боп сәлдесі [11, 27], – деп осы жерде де молдалардың бәрі бірдей сауатты еместігін, сәлдесі ғана болмаса, молда екенін ажыратып болмайтынын, теріс оқып, балаларды шала сауатты ететінін айтады.

Ғылым таппай мақтанба [11, 28], – деу арқылы мектепте оқып, ғылым іздеп әлемнің сырын түсінуге болатынын жеткізеді. Бұл уақыттарда қазақ арасына орысша мектептер ашыла бастаған болатын.

Артық білім кітапта,

Ерінбей оқып көруге [11, 30], – деу арқылы артық білуге, тануға қадам мектепте жасалатынын меңзеп, әрі оқушылардың өздеріне айтылған ақыл сынды сезіледі.

Орта ғасырда өмір сүрген, әлемнің екінші ұстазы атанған Әл-Фарабидің айтуынша, «тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген. Білім қай жерде беріледі десек, ол – мектеп. Сонда «мектеп» концептісінде ассоциативті өрісінде тәрбиені де көреміз.

Ы.Алтынсарин де, А.Байтұрсынов та қазақ жерінде мектеп ашып, балалардың сауаттануын қолдаған, сол негізде жұмыстанған болатын. Олардың ұсынулары бойынша, «мектептің жаны – мұғалім».

Түрлі әдіс-тәсілдерді жүзеге асырып, оқушыларды білім нәрімен сусындататын мұғалімдердің орны қашанда жоғары. М.Жұмабаев: «Алты алаштың басы қосылғанда, төрдегі орын - мұғалімдердікі» дегеніндей, «мектеп» концептісінде де мұғалімдердің маңыздылығын көреміз. «Мектеп» концептісінің ассоциативті өрісін сызба түрінде қарастыратын болсақ,





Сондай-ақ, «*мектеп көрген*» деген тіркес қолданылады. Мағынасы: жүйелі білім алған, оқыған, көзі ашық. «Менен басқа бұрыннан *мектеп көрген* балалар өзара «Өте қатаң молда» деп сөз қылысады» [12], – деп келтірілген тіркестің де оқу оқып, білім алғанын білдіріп, «мектеп» концептісінің ақпараттық-ассоциативті өрісін нақтылай түседі.

Қорыта айтқанда, «мектеп» концептісін анықтауда біз оның концептілік өрісіне халық танымындағы оқу-ағарту, білім, мұғалім, тәрбие түсініктері өзек болатынын айқындадық және оның концептілік мазмұндық құрылымы «медресе – интернат – мектеп» динамикасында өзгергенін, лингвомәдени ақпарат тасымалдағанын, маңыздылығын жоймағанын анықтадық.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. Филол.ғыл.докт.дисс.автореф – Алматы, 2004. – 47 бет
2. Байғұтова А. «Қазақ әйелі» концептісінң этномәдени сипаты. Филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2008. – 31 бет
3. Қалиев Б. Қазіргі қазақ тілі: Фонетика. Лексикология. Алматы, 2004. – 152 бет
4. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы: «Жібек жолы», 2008. – 356 бет
5. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі. Құраст. Ш.Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 бет
6. Ислам энциклопедиясы. Бас редактор Р.Нұрғалиев. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, Бас редакциясы, 1995. – 306 бет
7. Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірмелі сөздігі. – Алматы, 2017. – 658 бет
8. Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы: «Жазушы», 1968. – 248 бет
9. Алтынсарин Ы. Кел, балалар, оқылық. Шығармалары. Алматы: «Атамұра», 2006. – 168 бет
10. Нұрдәулетова Б. Когнитивтік лингвистика. Оқулық. Алматы: Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2011. – 312 бет
11. Абай. Өлеңдер, аудармалар, поэмалар. Алматы: «Атамұра», 2020. – 288 бет
12. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том. Құраст. Манкеева Ж., Бизақов С., Жүнісбек Ә. Алматы, 2011. – 752 бет





УДК ӘОЖ 81-373.21

## АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ОРОГРАФИЯЛЫҚ ТОПТАМАСЫНДАҒЫ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРҒАН ТОПОНИМДЕР

**Бекболат Жанар Абзалқызы**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті»

ББ 1-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Карагулова Б.С.

**Аннотация:** В статье рассмотрены орографические термины, встречающиеся в группе топонимов на территории Актюбинской области, и их активность в образовании оронимов. Путем естественного географического, лингвистического анализа народных географических терминов выявлена их связь с геоморфологическими, ландшафтными особенностями территории. Термины, содержащиеся в названиях более 4000 орографических объектов, встречающихся на территории исследования, были классифицированы.

**Ключевые слова:** топоним, народный географический термин, ороним, орографические термины, ландшафтно-геоморфологическая особенность

Топонимика — мыңдаған жылдар жемісі. Жер-су, елді мекен атаулары халқымыздың бай тілі негізінде жасалып, халық тарихымен байланысты дамиды. Топонимикалық атаулардың өмірінің тарихы, әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің жай-жапсары анық та айқын көрініс береді.

Топонимикалық атаулар белгілі бір оқиғалардың мерзімін меңзеуі арқылы тарихи дерек көзінің сырын саралап, танып-білуге септігін тигізеді. Олай болса, топонимдер — «жердің тілі, жазылмаған кітабы» ғана емес, сонымен қатар жер тарихы мен ел тарихын танытар, оның өмірінен сыр шертер тарихи шежіресі. Олар өткен тарихымыздың мәдени ескерткіші ретінде ғана маңызды емес, бүгінгі таңда зор мән-мазмұнға ие.

Халықтық (жергілікті) географиялық терминдер нақты географиялық құбылыс пен түсініктерді анықтауда қолданылады және олардың географиялық нысандармен байланысы топонимдерде көрініс тапқан. Топонимдер мен терминдер арасындағы өзара байланыста топонимикалық заңдылықтар сақталған деуге болады.

Халықтық географиялық терминдер бойынша қазіргі таңда құндылығы сақталып отырған Э.М. Мурзаевтың және Қазақстанда топонимика ғылымының негізін қалаған, алғашқы қазақтың халықтық географиялық атаулары мен терминдері туралы зерттеулер жүргізген Ғ.Қ. Қоңқашбаевтың еңбектерін ерекше атауға болады. Ғ.Қ. Қоңқашбаев өзінің еңбектерінде қазақтың халықтық географиялық терминологиясының күрделілігі мен құндылығын атап көрсетті, Қазақстан аймағында сақталып қалған монғол (қалмақ) топонимикалық элементтерін, сонымен қатар түркі тілдік терминологияның заңдылықтарын анықтады, оларды сөздік түрінде құрастырып, этимологиясын анықтап көрсетті. [1,81]

Ғалымның диссертациялық жұмысы (1949) қазақтың халықтық географиялық терминдеріне арналып жазылған зерттеу жұмысы болды. Негізгі ғылыми жұмыстары топонимика мен терминология мәселелерін қамтиды. Ғ.Қ. Қоңқашбаев қазақтың халықтық географиялық терминдерін алғаш рет жинақтап, жарыққа шығарды. Зерттеу жұмыстары бойынша ақпараттар статистикалық, этимологиялық талдау, салыстырмалы--сипаттамалық әдістерді пайдаланып жүргізілген ғылыми зерттеу нәтижесінде анықталды.





Ақтөбе, Ақбастөбе, Қаратөбе, Шұбартөбе, Жалғызтөбе, Жақсытөбе, Бестөбе, Жалпақтөбе сияқты оронимдерде кездесетін түркі тілінен шыққан келесі төбе терминінің дәлме-дәл «шың, төбешік, шоқы» деген мағынаны білдіреді. Азербайжан тілінде тепелик - «ұсақ шоқы», Орта Азия мен Монғолияда кездесетін тепе, депе, добо формасы да «төбе, шағын тау, қорған» мағынасында қолданылады. Орыс географиялық әдебиеттерінде қолданылатын тепе, тубе, тепелик «ұсақ шоқы» дегенді білдіреді. Жалпы облыстағы географиялық атауларға топонимикалық талдау бойынша құрамында төбе терминімен жасалған оронимдер саны 119 атауды құрады.

Шоқы термині облыс оронимдері ішіндегі 66 географиялық атаудың жасалуына негіз болған. Шоқы (қаз.), чўкки (өзб.) – конус тәрізді формадағы көтерілім немесе таудың сүйірленіп ерекшеленіп тұратын шыңы. Сонымен қатар Э.М. Мурзаев монғол тіліндегі цохио «жартас» сөзімен де салыстырады.

Аумағының көп бөлігін аласа таулы өлке, таулы қыраттар алып жатқан Ақтөбе облысы оронимдері арасындағы адыр терминінің көп кездесуі де қызығушылық тудырды. Адыр – төбелі жер, ұсақ шоқы, жазықты жер бедерінің қатты беткі бөлігі; тауды қоршаған сілемдер, аласа таулар; эрозиялық процестермен, сайлар, жыралармен қатты тілімденген тау етегі 6 Түркменстанда адыр жұмсақ топырақты, құмсыз шөлді жазықтың бөлігі; Қазақстанның көптеген аудандарында салыстырмалы аласа, тілімденген тасты бұйраттар немесе аласа таулар, қатты жыныстардан құралған шоқылар. Ғ.Қ. Қонқашбаев Қазақтың ұсақ шоқысы осы адырлардың - шоқылардың көп болуына байланысты аталған деп көрсетті. [2,65]

Ақтөбе облысы аумағындағы топонимдер құрамындағы орографиялық терминдерге талдау жасау арқылы мынадай қорытындыға келеміз:

Халықтық (жергілікті) терминдер топонимдер құрамына қатысады және сол жердегі нысандардың ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Облыс аумағындағы оронимдер құрамында халықтық орографиялық терминдермен жасалған географиялық атаулар жартысына жуығын (42,5 %), соның ішінде сай, төбе, шоқы, төрткіл, құм, тас, оба, бас, тау, жар, адыр, кара терминдерімен жасалған атаулар 80 пайызға жуығын құрайды.

### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бияров Б.Н. Кейбір макротопонимдердің этимологиясы. Жер-су атауларының тарихы мен бүгінгі жай-күйі. Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. – Астана: Сарыарқа, 2013. – Б. 81.

2. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. 13 том. Ақтөбе облысы. – Алматы, 2016. – Б. 65







## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТАРИХИ РОМАНДАРЫНЫҢ ЖАҢАША БОЛМЫСЫ

Ахметжанова Аяулым Русланқызы

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 1 курс магистранты  
Орал, Қазақстан

*Аңдатпа.* ХХ ғасыр соңы мен ХХІ ғасыр басынан бастап әдебиет әлемінде тың өзгерістер болғаны анық. Осындай өзгерістердің көпшілігі қазақ романдарына да әсер еткені белгілі. Бұлардың барлығы – қазақ романдарындағы жаңаша өзгерістер, тың көзқарастар. Мақалада қазіргі қазақ романының, соның ішінде тарихи романның жанрлық ерекшелігі қарастырылды. Ұзақбай Доспанбетов «Қызыл жолбарыс» романы мен Жұмабек Шаптайұлының «Қызыл қар» романдары қарастырылып, оның басқа романдардан ерекшелігі, сондай-ақ жазылу ерекшелігі мен көркемдік стилі жан-жақты сипатталды. Қаламгерлердің сөз саптаулары мен олардың тілдік-эстетикалық бояуларының көрінісі талданды. Роман стилі, оның ішінде қазақ романы жайлы зерттеулерге шолу жасалды. Қазіргі тарихи романдардың көлемі, мазмұны мен құрылымы көрсетіліп, оның мазмұны ашылды. Сонымен қатар роман жанры қазіргі ғылыми бағытта зерттеліп, әдеби-теориялық тұрғыда талданды.

*Кілт сөздер:* сөз; роман; әдебиет; жазушы; роман теориясы; кейіпкер әлемі; тарихи роман.

Әдебиет – халық жанашыры, әр дәуірдің өз шындығын көтерген өнер түрі, «ұлт жанының айнасы». Сондықтан да ол жылдан жылға өсіп, үздіксіз даму үстінде болады. Қазақ әдебиетінің бір саласы көркем прозадағы роман жанрының да өсіндік күрделі өсу жолы қалыптасты.

ХХІ ғасыр қазақ тарихындағы аса маңызды жаһандану процестері, ғылым мен техниканың қарқынды дамуы жалпы адамзатқа, оның адамгершілік мұраттарына үлкен әсер етті. Осындай процестердің күшеюі «адам мен қоғам», «адам мен табиғат», «адам мен техника» сынды ұғымдарды бірінші орынға қойды. Сол себепті де мұндай өзгерістер қазақ роман жанрының өзгеруіне, оның идеясы мен тақырыбының, мазмұны мен құрылымының жаңаруына әкелді. Өткен мен келешекті қосатын жаңа кезеңнің жаңа туындыларына назар салсақ.

Қазақ романдарының ішіндегі ең ауқымды да, күрделі тақырыптардың бірі – қазақ халқының басынан өткен тарих шындығын суреттеу. Бұл тақырыптық мазмұн ХХІ ғасырда да жазыла бастады. Соңғы екі-үш жыл турасында осындай құрылымда жазылған шығармалардың бірі – Ұзақбай Доспанбетовтың «Қызыл жолбарыс» романы. Бұл роман алғаш рет «Жұлдыз» журналының 1995 жылғы 2-санатында жарияланған болатын. Содан кейін 2020 жылы өңделіп, қалың жұртшылыққа ұсынылды. Жалпы шығарма екі кітаптан тұрады. Тарихи-әлеуметтік құбылыстар, қазақ халқының тарихындағы дәуір тағдырын танытқан құнды шығарма деуге болады.

Романның басты кейіпкерлеріне тоқталатын болсақ, ХVIII ғасырда Жетісу өлкесіндегі жоңғар шапқыншылығы кезіндегі оқиғаларға қатысқан тарихи тұлғалар – Ескелді би Жылгелдіұлы, Балпық Дербісәліұлы, Қабан жырау Асанұлы туралы. Негізгі кейіпкерлерімен қоса, Есенбай, Шақа, Сатай батыр, Қодар би, Хангелді, Байбек, Дүбек тәрізді кейіпкерлерді де кездестіре аламыз.

Ұзақбай Доспанбетов «Қызыл жолбарыс» романы «Шоқ-шоқ болып өскен селдір қамысты жазаннан шыққан жолбарыс алдағы мола сияқтанған қиыршық тасты ұзынша төбешікке самарқау қарап, жүрісін тоқтатты. Әлденені аңдағанға ұқсайды.» [1, б. 3], - деп басталады. Бірінші кітабы тоғыз тараудан тұрады. Әр тарауды автор әдемі жеткізе білген.





Роман реалистікке бой алдырып, тарихи шындықты көркем жеткізген. Сомдалған кейіпкерлердің образдары шынайылыққа негізделген, бейнелі әсем көмкерілген. Шығарма қазақ халқының тарихында болған іргелі оқиғаларға негізделген.

Шақа баласының Ескелдіге келіп, Құлсарының өлімін естіртуінен бірінші тарау басталады. Шығарманың бас кейіпкері Ескелді бидің түс көруі, ол әрі қарай Есенбайдың келуі, қалмақ еліне барлаушы ретінде жіберуге Дербісәлі ұлы Балпықты таңдауы – бірінші тараудың өзекті мәселелері.

«Қызыл жолбарыста» баяндалатын оқиғалар Іле мен Қаратал өзендерінің Көкше теңізге құятын жеріндегі Сары Есік Атырау құмының оңтүстік-шығыс жағындағы өлкеде өтеді. Мұнымен қоса, Ақдала, Мойынқұм, Лоқылдақ, Жетісудағы жеті өзеннің өзеннің бірі - Быжы сынды жер-су атауларын да кездестіреміз. Бұдан автордың ізденістерінің жоғары деңгейде екендігін аңғара аламыз.

Автор кейіпкерлердің тарихи тұлғасы мен портретін сомдауда ерекше көзімізге түседі. Кейіпкерлер характерінің айқындалуы да ерекше әдемілікпен жеткізіледі. «Қабан ақын бар болғаны қырыққа енді-енді иек сүйегелі тұрған адам, бірақ жалпақ жүзі, белуарына түскен сақалы, алпамсадай денесі, көсем мінезі – бәрі қосылып, мұны ел ақсақалы атты тұғырға ерте қондырып, ерте бекіткен еді» [1, б. 35], - деп автордың Қабанды қадірлі адам ретінде суреттеуінен-ақ асқан шеберлікті аңғарамыз. Сонымен қатар шығармада Ескелді мен Балпық бейнелерін толымды әрі анық жеткізілген бейнелер ретінде қарастыруымызға болады.

Бірінші кітаптың үшінші тарауында елдің аузында жатталып қалған оқиғадан басталып, Бұқпанбет шалдың немересі Шопанбай мұрындық болған қызық әңгімемен жалғасады.

«Иә, қазақ пен қалмақ бөлісе жайлаған сонау Жоңғар Алатауының түкті кілемдей жондары, шыбынсыз жазы мен салқын самалы, көк шыршалы, қарағайлы ормандары еске түскенде мұндағы ең бір ұстамды-ау дегендердің өздерінің қабырғасы сөгіліп түсетін. Етегін жасқа толтырып, еңкілдеп жылаудан да қымсынбайтын. Енді қайтсін? Мынау Көкше теңізбен шектесіп жатқан жазғы мінезі бәймәлім өлке осы ерте көктемнің өзінде-ақ ыстығымен, шыбын масасымен қысып берді» [1, б. 301]. Берілген үзіндіден табиғатты сомдаудағы автордың көркемдік-эстетикалық талғамының ерекшелігін байқаймыз. Аса сезімталдықпен, суреткерлік шеберлік бейнелей отырып, «адам-табиғат» мағынасын ұндырған.

«Қызыл жолбарыс» романының екінші кітабы Гуськовтан қауіптенген Унковский Гуськов пен Митрий Пахомыч орналасқан күйіз үйдің сыртына күзет орналасқанынан басталады. Автор әр дәуірдің өз шындығын қаз қалпында көрсете білген. Өткеннің бұлыңғыр елестерін мен айқын шындықтарын бұрынғыдан да ауқымдырақ әрі батылдырақ бейнелеп көрсете білді. Шығарманың негізгі мазмұнын «ел іші – алтын кеніш» ұғымына сыйдыра білуіміз керек.

Қытай елшілерінің келуі, қалмақтың тұтқынға түсуі, Ташкен пен Түркістанды қиратамыз деген ойлары, Дубектің жалғыз қызы Мейізкүлдің қалмақ жігітімен ашыналығы – бәрі де екінші кітаптың сюжеттік арналарын толықтырады. Автор Төле би, Абылай хан, Қаз дауысты Қазыбек би сынды ұлы тұлғалардың өмірінен де деректер келтіреді. Төле бидің Бұхара медресесінің ғұламасы – Әнет бабадан бата алғандығында айтады. Абылайдың «Сабалақ» деген лақап атымен түйеші болып жүріп, ел басына түскен қиын кезде елі үшін, жері үшін, халқы үшін ерлік көрсетуге деген ұмтылысы ғана суреттелген. «Өз басым көргем жоқ, бірақ көргендер солай арық атайды. Тіпті бірде қыпшақ пен қаракесек елдері жерге таласып, төрелікке осы Қаз дауысты Қазыбек бекті шақырыпты. Сонда салған жерден қыпшақ жағының басты адамы: «Арғынның арық биі сөйле» депті» [2, б. 88], - жер дауы мәселесі де бұл шығармадан өзіндік орын алғанын





аңғарамыз. Автор қолданған мақал-мәтелдерден сол заманды толық көрсеткендей болды. Қожаберген жырау Толыбайұлының «Елім-ай» дастанын қалай құрастырғанын да сыр шертеді.

Аяқ Астам немесе Қарамерген қамалы туралы да баяндалады. Тарихи деректер бойынша, Қарамерген XII-XIII ғасырларда Іле-Бақанас өзендерінің маңайында орналасқан. Бұл, әрине, қамал ескі қала не бекініс орны екені анық. Бұл өлке – ауған қазақтарына таныс мекен. Себебі, бұл өлкеде мұз үйіндісіндей мол тұз барында [2, б. 101]. Романда Қарамергенге толық сипаттама берілген. Хиуа қаласының тарихи мекен екенін, Нұқ пайғамбардың үлкен ұлы Сим дүниені топан су қайтқаннан кейін алғашқы қазықты осы жерде қаққаны туралы да тарихи деректер келтіреді. Автор Шірік-Рабат деген мекенді де назар тыс қалдырмайды. «Мынау қамалдың ішіндегі пақырлар ол жарықтықтың шабуылынан қорғану үшін түйеге теңдеп, алыстан тас тасыған ғой. Жан беру оңай ма? Шыңғыс хан жарықтық ешкімді құл, пенде қылмаған, ешкімнің қолына кісен салмаған. Мынау мұнараның төбесінен айыр ағаштың ортасымен тас атқылаған өз қарсыластарын баудай түсіріп, сүйек-саяғын қалдырып, күнбатысқа өте берген ғой. Атақты Отырар шаһарының қалай күйрегені туралы әңгімені естіп пе едіңдер?» [2, б. 104]. Үзіндіден автордың тарихи орындарды сипаттауда өзіндік сан салалы зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Романның сюжеттік негізі 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен таныс қанды оқиғаның қазақ халқы үшін тигізген зардаптары мен кесәпаттары туралы айтылады. Қара халық үшін жоңғар қалмақтарының шапқыншылығынан да аса маңызды нәрсе шөлге деген дәрменсіздіктері еді. «Шөлдің қасында аштық дегеннің кәрі жездемнің ойынындай ғана екен ғой» деген мәтел дәлме-дәл келеді. Ауа көшкен елдің зарын автор нанымды бейнелеп берген.

Романда бейнеленген Жолбарыс ханның портреті көркемдік шындық тұрғысынан бейнеленген суреттемелер ретінде көреміз: «Бұл хан отыз үш жастағы, ат үстіндегі сайыстан, не аң қуудан бір күшін де құр жібермейтін, күрт, қауырт қимылға әрқашанда дайын, оңтайлы, қайрат – жігері тасып тұрған жас адам еді», немесе, «Мандайы сопақ көрінгенмен бет-ажарының қырлы мұрыннан төменгі бөлігін ұстара мен қайшыны күнде көретін мойылдай қара сақал-мұрты дөңгелетіп тұр. Қос ерін жымқырулы, ауыз орнында сол дөңгеленген сақал - мұртпен бірге майысқандай көкке шаншылған айдың алғашқы жанасындай тілек қана бар. Ол тілекпен бүгіндікке бір сөз шығыпты дегенге ешкім қана да қоймастай».

Жазушы Ұзақбай Доспанбетовтың «Қызыл жолбарыс» романы – халықтың ауа көшкен кезін, жұтты, қалмақ пен қазақ арасында ірілі-ұсақты қанды оқиғаларды бейнелеп берген, өз дәуірінің сырын терең түсіндірген, авторлық ізденістер арқасында оқырманға өзіндік әсем бояуымен жеткен құнды шығарма. Алатын тәлім де, тәрбие де толастамақ емес.

Жұмабай Шаштайұлының «Қызыл қар» романы Кеңес үкіметі тұсындағы шопандардың қиын да ауыр тіршілігін суреттейді. Роман 1984 жылы жазылған. Бірақ сол кезеңде қатты сынған алынғандықтан, кейіннен 2020 жылы өңделіп, қайтадан басылып шықты. Бұл туралы жазушы: «1984 жылы шыққан болатын, екі айдан кейін Қазақстан компартиясының орталық комитеті үлкен журналистердің жиынында қатты сынады. Себебі, мен мал шаруашылығының қиындығын, малдың қырылғанын, аш қойлар бір-бірінің жүнін жегенін ашық жаздым. Сондықтан, оның таралуына жол бермеді. Аллаға шүкір! Мінекей араға жылдар салып роман болып қайта жарыққа шықты. Мазмұнын жоғалтпай, өзгерістер енгізіп роман етіп шығардым. Бұл жерде екі достың өмірі баяндалады. Яғни, біреуі қой бағып ауылда қалады, екіншісі оқуға түсіп қалаға кетеді. Екеуінің өмірін салыстырмалы түрде көрсеттім» [3],– дейді.





Романның негізгі кейіпкерлері – ата кәсіпті арқау еткен қойшылар Сансызбай мен Жайлау туралы. Иә, Жайлау оқуды емес, әкесінің айтқанымен шопан болыпты-мыс. Жас болса да сол жылғы қаһарлы қыстың ауыр зардаптарына төтеп береді. Шандоз, Қақан, Рахым, Құдайберген, Несіпбала, зоотехник Тұрар сынды кейіпкерлерді де кездестіреміз. Кейіпкерлердің іс-қимылын бақылай отырып, олардың ішкі әлемін тануға көбірек көңіл бөлгенін байқаймыз. Автор кейіпкерлердің өмірінде болып жатқан келіспеушіліктер мен қақтығыстарды тереңдете баяндайды. Бәрін де асқан шеберлікпен, тарихилықпен суреттеп берген.

Шығармадағы негізгі идея қойшылардың ауыр тұрмысымен қоса, әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты, яғни «әке балаға сыншы» екендігін ұғындыру. «Иә... бұлар бүйтіп жүріп қойын ит-құсқа жеп қылып, ел жұртқа күлкі болады ғой. Шешесі болса биыл қойға келмейді. Білмеймін, әйтеуір, қиын» [4, б. 6], - деген Қақанның сөзінен-ақ әкесі мен шешесіне деген ізеттіліктің иісі де шықпайтынын аңғаруға болады.

Қақан болса, Қосқұдыққа шешесі сырқаттанғандықтан келіп еді. Тіпті өзінің туған інісі Жайлауды Шандозға барып, оқу оқымағандығын, әншейін далада қалғанын айтады. Екі бауыр арасындағы, ағасының інісіне деген бауырмалдығы, қамқорлығы мен сүйіспеншілігі жоқтығын байқатады. Халық арасында «Бір тумақ болса да, бір жүрмек жоқ» деп бекер айтылмаса керек. Өмірде әкенің де, ағаның да өзіндік орны бар, ал ананың орны тым бөлек екендігін ұғындырады.

Бұған қоса, романда Шандоз мен Сансызбай арасындағы келіспеушілік туралы баяндалады. Шығарма басталысымен, шығарма біткенше осы екі кейіпкер арасындағы шиеліністі көруге болады. «Тұқымдарыңа қойдан басқа кәсіп жазбады ма?» деген Шандоз сөзінен-ақ ата кәсіпке айналдырғанын аңғарамыз.

1968 жылдың қысы, қақаған аязы мен бораны шопандарды біршама әбігерге салды. Бұл – шығарманың негізгі арқауы еді. Қысқа арнап дайындалған жаздық еңбек ерен кетті ме? Шөпке үнем болу үшін, Сансызбайдың жылқысын құртуға да бұйрық береді. Жол бойында қыстап отырғандарының арқасында машиналардан түскен шөппен қойды асырап отырған.

«Әкелі –балалы екеуі жеп шашып, қойды сыртқа шығарды. Демнің арасында жағалата шашылған жемді тауысып, қойлар ұлардай шулап, арлы-берлі сенделе бастады. Көбісінің алқымдары ісіп, көздері іріндеп, сирақтары сидиып кеткен. Қойлар бұрынғыдай кісі көрсе, шуламайды. Тек адамның қолында ыдыс болса лап қойып, қаумалап, қатты састырады.

- Сұмдық-ай, малдың да есі ауады екен! Осылар өзімізді жеп қоймаса де, әуелі! – деп Сансызбай өзіне өзі сөйлегендей жерге қараған күйі самарқау отыр.

- Ананы қара, ата! – деді Жайлау әкесіне.

- О не, балам? – деп Сансызбай мойнын созып жан-жағына алақтап қарады. Алқымы іскен саулық қатарындағы мәңгірген қойдың жүнін жұлып жеп, қаужаңдап тұр екен.

- Балам, ол мал болудан кеткен ғой. – Сансызбай басын жерден алмаған күйі» [4, 72]

Берілген үзінді қойдың ашыққандығынан, аянышты жағдайынан хабардар етеді. Қойшылардың өмірінің осал тұсын да, жаман жағын да көрсетеді. Мұндай қиындықтан шыға алмай, тығырыққа тірелгендігін де аңғартады. Автор тарихи танымды көркемдік шешім арқылы кеңінен суреттеп берген.





«Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деп жүретін қазақ халқы үшін төрт түлігінен айырылу – өліммен пара-пар еді: «Бұл жерге түнеген қой қалай қоздамақшы. Жатқан жері сыз, жайылған өрісі тақыр. Ал көктемде қайсысың болмасын қозы сұрайсың. Қозы керек болса, осы бастан ойлаған жөн» [4, б. 12]

Романда екі жас арасындағы ұнатушылық сезімде байқалады. Жайлаудың Жанарды көрген сәтінен бастап Шандоз үйінен жайлылықты байқағаны, оның «еріксіз елітіп алатын қылықтарын» бұрында кездестіргендей күй кешкені, күндіз-түні Жанарды ойлап жүргені – барлығы да сол кездегі аласұрған табиғатқа қарсы шыққан қойшының өмірін, қасында жүрген әкесін бір сәтке болса да естен шығарғандай...

Рахым мен Жайлау арасындағы достықтың үзіндісі де шығармаға арқау болған. Оқыған Рахым мен шопан Жайлау арасындағы үнсіздікке негізделген диалогтар да кездеседі. Жалпы шығармада реалистік сипат бел алып, қаламгерлік жекелеген ізденістерді айқындаймыз.

«Қызыл қар» романы – өз дәуірінің тарихи шындығын айтқан құнды шығарма. Повесть ретінде жарық көріп, кейіннен роман ретінде толықтырылған «Қызыл қар» мал шаруашылығының осал тұстарын, аласұрған қыстың қиындығын оқырманға шындығымен қоса, көркемдік шешімімен баяндалып жеткізілді.

Қорыта келе, қазіргі қазақ романдарында халықтың тарихи тағдыры мен қоғамдық-саяси оқиғалар кеңірек баяндалады. ХХІ ғасырдағы роман өзінің тарихилығы мен көркемдік шешімнің үйлесімділігімен сипатталып, қазақ романдарында суреттелген оқиғалар өткеннің, бүгіннің және келешектің тоғысында дамығандығын аңғартады. Роман жанрының тақырыптарының арнасы артып, ізденістері жаңа сатыда байқалды.

Сол себепті де, «Қызыл жолбарыс» және «Қызыл қар» романдары ХХІ ғасырдағы қазақ романдарының іргелі туындысы, өзіндік тәлім-тәрбиесі бар құнды шығармалар. Шығармаларда келтірілген тарихымыздың іздері келешек ұрпақтың есінде мәңгі жаттала бермек, өз құндылығын жоймақ емес.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМ:

1. Ұ. Доспанбетов «Қызыл жолбарыс» романы. Бірінші кітап. – Алматы: ИП «Немцев». – 2020.
2. Ұ. Доспанбетов «Қызыл жолбарыс» романы. Екінші кітап. – Алматы: ИП «Немцев». – 2020.
3. А. Мұқанова «Алматыда жазушы Ж.Шаштайұлы «Қызыл қар» романының тұсауы кесілді». - «kazinform». – 2020.
4. Ж. Шаштайұлы «Қызыл қар» романы. – Алматы «Жалын». – 1984.





ӘОК 801.56.Т89.

## СӨЗ ТІРКЕСІ ЖӘНЕ БАСҚА ТІЛДІК БІРЛІКТЕР

Тұрарова Айсұлу Нұрдыңқызы

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
Тараз, Қазақстан

**Аннотация:** Мақалада сөз тіркесі қазақ тілі синтаксисінің жеке өзіндік парадигмасы ретінде қарастырылып, күрделі сөз бен сөз тіркестерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары, жасалу жолдары нақты талданып, ғылыми негізделеді.

**Түйін сөздер:** сөз тіркесі, күрделі сөздер, парадигма, грамматика, фразеологиялық тіркес, семантика.

Сөз тіркесі қазақ тілі синтаксисінің жеке өзіндік парадигмасы ретінде бірден орныға қойған жоқ. Сөз тіркесіне қатысты құбылыстар ХХ ғасырдың басында сөйлем аясында сөз етілген екен. А.Байтұрсынұлының «Тіл-құралында» сөздердің тізбегі сөйлем болып танылу үшін сөздердің «басын құрап, біріне-бірінің қырын келтіріп, қиындастыру» туралы ескертсе [1, 157], «Әдебиет танытқышында» сөз дұрыстығы шарттарының ішінде сөз тіркесінің заңдылықтарына келетін мынадай бір екі жайтты көрсетеді:

1. Сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну;

2. Сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру [1, 255].

Қ.Жұбановтың «Қазақ тілі грамматикасындағы» сөйлемдегі «Сөз қиыны», сөйлемдегі «Сөздің тура күйі мен бұрма күйі», сөйлемдегі «Жетек сөз бен жетекші сөз» дейтін тармақтарда айтылатын заңдылықтар осы күні сөз тіркесі шегіндегі заңдылықтар ретінде қаралып жүр [2, 41-45].

1955 жылы академик В.В.Виноградов КСРО Ғылым академиясының Тіл білімі институтының директоры ретінде тілді зерттеу бағдарламасын түзіп ұсынды, онда сөз тіркесі синтаксистің жекеше саласы ретінде қаралуы көрсетілген. Осыдан және ғалымның басқа еңбектерінен бастап сөз тіркесі синтаксисі синтаксистің негізгі бір жеке нысаны ретінде қарала бастады да, сол кезден осы күнге дейінгі постсоветтік кеңістікте синтаксистің басты нысаны ретінде сөз тіркесі және сөйлем негізгі бағыт болып отыр [3].

Қазақ тіл білімінде сөз тіркесін синтаксистің бір саласы ретінде орнықтырған М.Балақаевтың зерттеулері болды [4]. Қазақтың классик тілтанушысының бұл бағыттағы зерттеулері қазақ тіл білімі үшін ғана емес, сол кездегі түркі тілі грамматикасында сөз тіркесін алғаш рет арнайы түрде іргелі деңгейде қарастырған ізашар еңбек ретінде бағаланып, басқа түркі тілдерінің синтаксисінен сөз тіркесінің орын алуына қатты ықпал етті. М.Балақаев осы күні сөз тіркесі синтаксисінің нысаны ретінде қаралып жүрген ұғымдар мен санаттардың сипаттарын ашып берді.

Мұнан соң осы дәстүрмен сөз тіркесі туралы ілімді Р.Әміров, М.Серғалиев, Т.Сайрамбаев, Ә.Аблақов т.б. дамытты [5,6,7,8].

Синтаксистің зерттеу нысанын нақтылау жөнінде жалпы тіл білімінде әлі де бірізділік жоқ. Тілдің синтаксистік құрылысын зерттеушілер бұның (синтаксистің) нысаны ретінде үш тұрғыны алға тартады. Олардың бірі тек сөз тіркесін ғана зерттеуді бағдар етсе, екіншісі синтаксистің «алтын діңгегі» сөйлем ғана деп таниды, ал үшіншісі қарым-қатынастың құралы ретінде мәтінді (тексті) ғана көреді. Бұлардың алғашқы тобы сөйлем болу үшін оның компоненттері – сөздер бір-бірімен тіркесіп, байланысып тұру қажеттілігін арқа тұтады да, сөйлемнің қай түрі де болсын (жай, құрмалас) сөз тіркесінің бір түрі деп қарайды. Ал синтаксистің зерттеу нысаны сөйлем деп қана қарайтындар





сөйлемді құрастырушы сыңарлар сөздер емес, олардың тіркесі емес, сөйлем мүшелері, сөз тіркесінің өзіне сөйлем арқылы ғана келуіміз керек, тіпті, сөздердің өзіне сөйлем арқылы ғана келуіміз керек, ал сөздердің тіркесуін қуалау морфологияның ісі деп есептейді. Ал мәтінді қолдаушылар, біз сөйлегенде, қарым-қатынас жасағанда мәтінді ғана қолданамыз, сондықтан синтаксистің бірден-бір нысаны мәтін болуы керек деп санайды. Аталмыш үш құбылыстың да тілде бар екеніне дау жоқ, мәселе сындарлы пікірде. Сондықтан біз осы үш бағытты да жоққа шығармай, әрқайсысының синтаксистегі орнын тағайындап беруге тиіспіз. Бұл аталған үш деңгейде де өзіндік құрылым бар. Ал осы құрылымды жанды сипатқа келтіруде олардың әрқайсысының қызметі әр басқа.

Сөз және күрделі сөз тіркестері. Соңғы кезде сөз тіркестеріне арналған еңбектерде оның нысаны туралы теориялық талас пікірлер көбеюде. Ондай пікірлердің біразы сөз тіркестерінің тілдің басқа санаттарынан, атап айтқанда, сөз, күрделі сөз, сөйлем және синтагмалардан айырмашылығы. Бұл мәселе түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тіл білімінде де соңғы кезде ғана сөз бола бастады, әрі ол жайындағы пікірлер де әр алуан. Сонымен бірге күрделі сөз тіркесінің әрбір сыңарының күрделі сөз, қос сөз, біріккен сөздерден т.б. айырмашылығы да айқындалады. Өйткені күрделі сөздерді біліп алмай, күрделі сөз тіркестерінің әрбір сыңарының жалаң немесе күрделі екендігін білу де қиын. Сондықтан күрделі сөз тіркестерінің жасалу ерекшелігін анықтау күрделі сөздердің жасалу жолдарын айқындауды қажет етеді. Оның үстіне сөз тіркестері синтаксистік қызметі жағынан да айқындалатыны белгілі. Жалпы күрделі сөз бар да сөйлем мүшесі бар. Екеуі де синтаксистің нысаны болғанымен, бірде сөз тіркесінің, енді бірде сөйлем мүшесінің ыңғайында қарастырылады. Сонда күрделі сөзді құрайтын элементтердің барлығы да бірдей бір-ақ күрделі сөйлем мүшесі бола ма, жоқ па деген мәселе келіп шығады.

Өйткені синтаксистік қызмет жай және күрделі сөз тіркестерінің әрбір сыңарына тән. Сөйлем мүшелеріне талдауда жай сөз тіркестері онша қиындық тудырмайды. Ал күрделі сөз тіркестерінің күрделі сөйлем мүшелерімен синтаксистік қызметін айқындауда өзіндік қиыншылықтар байқалады. Сондықтан да олардың синтаксистік қызметін анықтау үшін алдымен күрделі сөз тіркестерінің өзіндік жігін, оны құрайтын элементтерді білу – басты шарт.

Сөз тіркесі синтаксистің түйткілді мәселесінің бірі - күрделі сөздер мен сөз тіркестерінің айырмашылығына арнайы тоқтала кеткен жөн. Бұл мәселе тіл-тілдердің барлығында да арнайы зерттеліп жүр. Күрделі сөз бен сөз тіркесі құрылымы жағынан алғанда ұқсас екені белгілі. Мысалы, *Екі басында екі гирдей домалақ темірі бар сом тұтқасын айналдырып тұрған жалпақ бетті, қошқар мұрынды, қалың ерінді зор қара жігіт Матвей Степановичтің әніне қосылмақ болды* (Ә. Сәрсенбаев). *Сұлулық жерден өніп, көктен жауған, Тапқан ол тыныштықты таза ауадан* (І. Жансүгіров). Осы сөйлемдердегі *қошқар мұрынды, жалпақ бетті, қалың ерінді* - күрделі сын есімдері, *жерден өну, көктен жауу, тыныштықты табу* - жай сөз тіркестері. Бұлардың әр қайсысы екі-үш сөзден жасалған. Алайда сөз тіркесінің құрылымында айырмашылық бар. Мысалы, *тыныштықты табу, жерден өну, көктен жауу* деген сөздер бірі басыңқы, бірі бағыныңқы қызметте жұмсалып, меңгеріле байланысқан сөз тіркесін құрап тұр. Ал *жалпақ бетті, қошқар мұрынды, қалың ерінді* деген күрделі сын есімдер осы қалпында сөз тіркесі бола алмайды, өйткені олардың әр қайсысы біріне-бірі басыңқы-бағыныңқы қызметте жұмсалмай, екеуі бірігіп, басқа бір сөзді анықтап, бағыныңқы қызметте жұмсалып тұр. Бұлардың бағыныңқы қызметте жұмсалып, күрделі сөз жасауында *-ды/-ді* жұрнағының да тікелей әсері бар. *Жалпақ бет, қошқар мұрын, қалың ерін* деп, *-ды/-ді* жұрнағын қоспай айтсақ, бұл сөздер бірі бағыныңқы, бірі басыңқы қызметте жұмсалған жай сөз тіркесі болар





еді. Сонда өз алдына жай сөз тіркестері енді *-ды/-ді* жұрнақтарының әсерінен күрделі сөзге айналған.

Сонымен, күрделі сөз бен сөз тіркестерінің ұқсастығы олардың жасалу жолында емес, сөз санының көлемінде. Саны жағынан екеуі де екі немесе одан да көп сөздерден құралады. Ал сыңарларының өзіндік ерекшеліктері тұрғысынан оларда ұқсастық жоқ. Өйткені сөз тіркесінің әрбір сыңары толық мағыналы, синтаксистік қызметі бар, біріне-бірі бағыныңқы-басыңқы қызметте жұмсалуға тиісті сөздер болса, күрделі сөздердің сыңарлары кейде толық мағыналы, кейде дербес мағынасы жоқ сөздер де болады, олардың арасында сөз тіркесіндегідей толық грамматикалық байланыс жоқ. Сол тобымен бір-ақ сөз табы қызметінде жұмсалады, күрделі сөз бен сөз тіркестерінің арасындағы айырмашылықтарды былайша көрсетуге болады:

Түйдекті тіркес – сөз тіркесінің бір сыңары қызметінде жұмсалатын тіркестер. Түйдекті тіркес лексика-грамматикалық тұрғыдан өзара байланыста болып, сөз тіркесінің құрамына енеді. Түйдекті тіркес құрамындағы сөздердің лексика-семантикалық дербес мағынасы болмайды. Сондықтан олар сөз тіркесінің құрамында түйдектеліп, сөз тіркесінің бір ғана сыңарының қызметін атқарады. Түйдекті тіркес бір сөз табынан да, түрлі сөз таптарынан да бола береді, көмекші сөздің тіркесуі арқылы да жасалады. Оның құрамындағы сөздердің дербес мағыналарының болу-болмауына байланысты үлкен екі топқа бөлеміз: 1) дербес мағынасы бар; 2) негізгі сөз бен көмекші сөз арқылы жасалған. Дербес мағынасы бар түйдекті тіркес сөз таптарының күрделі түрлері (*қара сұр, он жеті*, т.б.) мен тұрақты тіркестер (*төбе шашы тік тұру*) арқылы жасалады. Түйдекті тіркестің екінші тобы негізгі сөздерге көмекші есімдер (*қала іші*), көмекші етістік (*аға деген*), септеулік шылау (*сәлден соң*), демеулік шылау (*дала тәрізді*), қосарлы сан есімдер (*үш рет*) т.б. көмекші сөздердің тіркесуі арқылы жасалады. Түйдекті тіркестің басты белгілері төмендегідей болып келеді: а) сөз тіркесі сыңарының қызметін атқарады; ә) сыңарлары бір-бірімен синтаксистік қатынаста жұмсалмайды; б) түйдекті тіркес сыңарларында лексикалық мағына болуы да, болмауы да мүмкін; в) сыңарларымен қоса алғанда бір сұраққа жауап береді; г) құрылымы мен мазмұны тиянақсыз келеді.

Сонымен, сөз тіркесі мен түйдекті тіркестердің пішіндік жағынан ғана ұқсастығы бар, ал мағына-мазмұн жағынан алағанда айырмашылығы бар екенін байқауға болады. Түйдекті тіркестер сөз пішіні ретінде сөз тіркесінің бір сыңары болып бірлік құрамына енеді.

Сөз тіркесі және фразеологиялық тіркес. Қазақ грамматикасында мұның біріншісі еркін сөз тіркесі, екіншісі тұрақты тіркес деп аталып жүргені белгілі. Бұлардың екеуі де екі я бірнеше сөздің тіркесуінен тұрады. Бұл жағынан, яғни сыртқы пішін жағынан ұқсас болып келеді. Алайда бұларды ажырататын белгілер бар.

1. Семантикалық жағынан алғанда, сөз тіркесінің әрбір сыңары белгілі бір толық мағынаға ие болып тұрады, ал фразеологиялық тіркес неше сөзден құралса да тұтастай бір мағынаны білдерді. Мысал үшін, *Билік халықтың көзіне көк шыбын үймелетуді үйретті. Билік халыққа қиындықты үйретті.* деген екі сөйлемдегі *үйретті* сөзі басыңқы болып тұрған екі тіркесті салыстырыңыз: *көзіне көк шыбын үймелетуді үйрету, қиындықты үйрету.* Бірінші сөз тіркесінде де толық мағыналы екі сыңар бар: 1. *көзіне көк шыбын үймелетуді;* 2. *үйрету.* 1-сыңар төрт компоненттен тұратын фразеологиялық тіркестен жасалған, бірақ толық мағыналы бір ғана сөздің өтеуіне жүріп тұр. Екінші сөз тіркесінде де толық мағыналы екі сыңар бар: 1. *қиындықты;* 2. *үйрету.* Жалаң сөзден тұрса да, бұлардың әрқайсында толық мағына бар.

2. 1-белгіге орай, сөз тіркесінің әрбір сыңары дербес сұраққа жауап береді, ал фразеологиялық тіркес тұтастай бір ғана сұраққа жауап береді. Мысал үшін жоғарыда келтірілген екі сөз тіркесінің сыңарларына сұрақ қойса жетеді: *көзіне көк шыбын*







үймелетуді үйрету, 1-сыңардың сұрағы –«нені?» 2-сыңардың сұрағы – «не істеу?»;  
қиындықты үйрету, 1-сыңардың сұрағы –«нені?» 2-сыңардың сұрағы – «не істеу?».

3. Фразеологиялық тіркес дайын сөз пішіні ретінде сөз тіркесінің бір сыңарының қызметін ғана атқара алады. Қисын жалғастығы үшін жоғарыдағыны мысал ретінде көрсетуге болады: *көзіне көк шыбын үймелетуді үйрету* дегенде 1-сыңар *көзіне көк шыбын үймелетуді* фразеологиялық тіркесі меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркесінің бағыныңқы бір сыңарының қызметін атқарады.

4. Сөйлем құрамына енгенде сөз тіркесінің әрбір сыңары сөйлемнің жеке-жеке мүшесі болып кетсе, фразеологиялық тіркес, сыңарларының санына қарамай, тұтастай бір ғана мүшенің қызметін атқара алады. Дәлелдеу қисыны үзілмеу үшін жоғарыдағы екі сөйлемге мүшелік талдау жасап көрсетсек былай болып шығады: *Билік халықтың көзіне көк шыбын үймелетуді үйретті. Билік халыққа қиындықты үйретті.*

Сөз тіркесінің сыңарлары грамматикалық жағынан ғана емес, семантикалық жағынан да үйлесе байланысуы шарт, яғни сыңарлардың тіркесімділік қабілеті ескерілуі қажет (Мұны «валенттілік» деп те атап жүр). Демек, тіркескен сөз пішіндерінің беретін ұғым-түсінігі ақиқат шындыққа сай келуі қажет. Мысалы, *домалақ доп, лас қоқыс, ұшақпен ұшу* деп тіркестіруіміз үйлесімді болады да, *шаршы доп, таза қоқыс, шошқамен ұшу* деген тіркестер үйлесімсіз, ойға сыймайтын, яғни, объективті модальдігі жоқ қисынсыз қатар болып шығады. Алайда бір ескертер жайт - тілде оксюморон, катахреза дейтін стильдік айшықтар бар, бұл мағынасы қарама-қайшы, тіпті кереғар сөздерді тіркестіру арқылы жасалатын анық. Міне, осы шарт-талап сөз тіркесінің ұстыны болып есептеледі. Сөз тіркесін талдауда осы көрсеткіш есепке алынуы қажет.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Байтұрсынұлы А. – Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013.
2. Жұбанұлы Қ. – Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013.
3. Виноградов В.В. Введение в синтаксис русского языка (Аннотация) /1948/ // Виноградов В.В. – Исследования по русской грамматике. – М.: Наука, 1975. С. 51-52.
4. Балакаев М.Б. Основные типы словосочетаний в казахском языке. – Алма-Ата, 1957.
5. Әміров Р.С. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: «Мектеп», 1983.
6. Серғалиев М.С. Синтаксистік синонимдер. – Алматы: «Ғылым», 1981
7. Сайрамбаев Т. Қазақ тіліндегі күрделі сөз тікестері. – Алматы, 1981.
8. Аблақов Ә. Меңгеріле байланысқан сөз тіркестері. – Алматы, 1986.





ОӘЖ 412:36

## БЕРНИЯЗ КҮЛЕЕВТИҢ АҚЫНДЫҚ ӘЛЕМІ

Абралиева Ботагөз Қалдыбекқызы  
«Мирас» университеті, аға оқытушы  
Шымкент, Қазақстан

**Аннотация:** Мақалада Бернияз Күлеевтің поэтикалық мұрасын талдау барысындағы оның поэзиясының бай философиялық негізіне, поэтикалық шеберлігіне, сондай-ақ Ұлы Абайдың үлгісі бойынша ақын екеніне талдау жасалған. Ең бастысы-оның жаңалығы, қазақ поэзиясына қосқан үлесі. Нәзік лиризм мен сентиментализмге негізделген өлеңдер оқырманды сезім әлеміне жетелейді.

**Тірек сөздер:** дүниетаным, қазақ әдебиеті, лирика, ойшыл, зиялы қауым, шығармашылық мұра, саяси мүдделер, мәдени мұра, болмыс, жаңашылдық, шығармашылық, қайраткер.

Қаламгердің өмірі мен шығармашылық ізденістеріне байланысты ақпараттар өте аз, тапшы деуге болады. Жиырмасыншы жылдардағы қазақтың даласында жарыққа шығып отырған баспа беттерін алып қарайтын болсақ, онда шыққан өз қатарластарының ол туралы жазған аз ғана естеліктері мен санаулы монографиялық еңбектердегі Бернияздың өмірі туралы ақпараттармен қамтамасыз ете алады.

Бернияз қазақ даласынан шыққан атақты ақындардың бірі. Оның шығармаларында халықтың өмірі мен тұрмысы, мәдениеті, салт-дәстүрі, әдебиеті туралы көптеген мәліметтерді алуға болады. Бұл ақынның өмірі мен шығармашылығынан оның өмірге деген құлшынысы мен дүниетанымын көрсететіндігін байқатады. Б.Күлеевтің негізгі шығармашылық бағыты-лирика жанры. Ол көптеген әндер мен махаббат сезімдерін жырлаған ақын. Оның өлеңі сюжетке емес, бір лирикалық бағытқа негізделген. Жазған әрбір шығармасындағы поэтикалық тақырып пен шығармашылығының ақындық дүниетанымын лирикалық жанрынан, көркемдік ерекшелігінен анық табуға болады. Бернияз Күлеевтың шығармаларында ең бірінші адамның тағдыры туралы айтылып, өмірі жайында ақпарат беріледі. Жалпы алғанда Бернияздың жазған әрбір шығармасы үлкен лирикалық мазмұнға құрылған. Егер шығармасында сюжет болмаған кезде өлең ақынның сезім күйін көрсетеді. Ақынның ұлы махаббат сезімінің құпиялары ашылады. Шығармасында табиғаттың көркем түрінде, әдемі үйлесімде өзара байланыстың бейнесі байқалады. Бернияз-қазақ әдебиетінде өз орны бар ақын.

Бернияз Күлеев өмірінің қысқа мерзімінде өлмес, өшпес құпиялары мен қайғыларын, сондай-ақ әдемі өлеңдерін қалдырғанын дәлелдеу және ақынның өмірі мен шығармашылығынан оның өмірге деген құлшынысы мен дүниетанымының көрінісін анықтауға мәселелердің бірі.

Б.Күлеевтің ақын әлеміндегі шығармашылығы-бұл ақын шығармашылығының тамырына енген көпжылдық ізденістердің, еңбектің жемісінің қортындысы іспеттес. Осылайша, қаламгердің әр шығармасынан ақын тұлғасының әдеби әлемін нақты және дәл бейнеленуін көруімізге болады. Осыған орай осы тақырыпты таңдау қажеттілігі туындады.

Бернияздың шығармаларында қайғылы өлеңдер, қоғамдағы қақтығыстар, қараңғы ойлар, әлеуметтік мәселелер, әйел теңсіздігі жөнінде саналы сырлар көп. Оны басқа ақындардың шығармаларымен салыстыра отырып анықтауға болады [1,28].

Мәселен, Абай мен Шәкәрім әйел тақырыбын өз заманына сай өзгеше, әйел бойындағы барша әдемілікті қоса отырып жырласа, Бернияз әйел басындағы қиын





тағдыры қинала жырайды. Махаббат тақырыбындағы лирикасының орны ерекше деуге болады. Мәселен «Ойдағым» өлеңінде ақын:

Жатсам-тұрсам бір минут ойдан кетпей,  
Ішімді өртеп бойды алып аяу етпей,  
Ойға, қырға жүгіріп сандалсам да,  
Көзім көріп ұстауға қолым жетпей.

Жалпы алғанда әйелдер тақырыбы, оның басына түскен ауыр тағдыры, тұрмыс тауқыметі-қазақ поэзиясы үшін жаңалық деп ешкім айтпайды. Десек те «Жамырай жазылған, жайлау жазылған» айтылымда жүрген, жазылған тақырып екендігін ескере кете, ақын-жазушылар бұл тақырыпты айналып өтпек емес. Бернияз да осы іспеттес шығармалар жазып, әйел басындағы ауыртпашылықтар мен қоғамдағы әлімжеттіктің орын алуын өз шығармаларына арқау етіп, сыр шертеді. Шынында да, Бернияз үшін әйел өмірдің гүлі, өмірдің көрінісі. Бернияз Күлеевтың өлеңдерінде адамның тағдыры толығымен көз жасымен, жүректен шыққан ізгі лебіздер мен ішкі ой-толқындары, адамның көз жасымен бейнеленеді. Оның өлеңдерін оқи отырып ақынның ішкі тебіренісін сезінуге болады.

